

Иеліктен шығаруға жатпайтын объектілердің тізбесі

1. Жер (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздерде, шарттарда және шектерде жеке меншікте болуы мүмкін жерден басқа), жер қойнауы, су, өсімдік және хайуанаттар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сондай-ақ жердің өзге санаттарының мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері тұрған жер учаскелері.

3. Қазақстан Республикасының Су кодексі 7-бабының 2-тармағында көрсетілген су қорының жерлері құрамындағы жер учаскелерінен басқа, су қорының жерлері, порттардың жағалау белдеуінің акваториясы мен жерлері.

4. Мемлекеттік орман қорының жерлері.

5. 1992 жылғы 30 мамырға дейін қоймаға қойылған немесе минералдық ресурстардың мемлекеттік қорына қосылған техногендік минералдық түзілімдер.

6. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, кеме жүретін су жолдары, шамшырақтар, кеме қатынасының қауіпсіздігін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер, шлюздер, халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттары, әуе қозғалысын басқару органдарының аэронавигациялық құрылғылары, әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты инженерлік желілер, сондай-ақ метрополитен.

7. Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары.

8. Ұлттық әл-ауқат қорының акциялары.

9. Ауылда бастапқы медициналық-санитарлық көмек, мамандандырылған көмек көрсететін (қан, ана мен баланы қорғау жөніндегі, радиациялық медицина орталықтары, онкологиялық, туберкулез, АИТВ жұқтырғандарды және ЖИТС-пен ауыратын ауруларды және жұқпалы ауруларды, тері-венерологиялық, психикалық ауруларды емдеу жөніндегі объектілер), сондай-ақ облыстың, қаланың, ауданның қызмет көрсетілетін аумағындағы жалғыз мемлекеттік медициналық ұйым болып табылатын медициналық ұйымдар.

10. Халықты әлеуметтік қорғау объектілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, сәбилер үйлері, балаларға, қарттарға, Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысушыларына және оларға теңестірілген тұлғаларға арналған санаторийлер, интернаттар мен госпитальдар, сондай-ақ қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар).

11. Азаматтық қорғаныстың және Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің объектілері мен мүлкі.

12. Пайдаланылмайтын әскери мүлікті қоспағанда, мемлекеттік меншік болып табылатын, экономика салаларының ұйымдарына жедел басқару, шаруашылық жүргізу

құқығында бекітіліп берілген және қорғаныс мұқтажын қамтамасыз етуге және жұмылдыру тапсырмаларын орындауға арналған объектілер мен мүлік.

13. Мемлекеттік меншіктегі Ұлттық мұрағат қорының құжаттары, сондай-ақ мемлекеттік мұрағаттар мен олардың филиалдарының ғимараттары, үй-жайлары мен ж а б д ы қ т а р ы .

14. Мемлекеттік меншіктегі геологиялық ақпарат.

15. Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттары.

16. Бастауыш, негізгі орта, орта білім беретін (жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беретін), Қазақстан Республикасының аумағында азаматтардың білім алуға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ететін мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ мектепке дейін тәрбиелейтін және оқытатын мемлекеттік ұйымдар.

17. Протездік-ортопедиялық салада тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстарды жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар.

18. Мемлекеттік мәдениет ұйымдары, мемлекет меншігіндегі ұлттық мәдени игілік объектілері, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және басқа субъектілерге тиесілі емес тарих пен мәдениет ескерткіштері.